

Кудайбергенова А.М.,
Батаева Г.Г.

**Жоғары сынып оқушыларының
қарым-қатынас мәдениетін
қалыптастыру ерекшеліктері**

Аталмыш мақалада қарым-қатынас, қарым-қатынас түрлері және оның қоғамдағы маңыздылығы жайында айтылады. Сондай-ақ жоғары сынып оқушылары болып қай жас шамасындағы оқушылар саналатындығы, олардың қарым-қатынас ерекшеліктері және түрлері секілді мәліметтер келтірілді. Мақаламыздың негізгі мақсаты жоғары сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру ерекшеліктері болғандықтан сол жайлы айтуды жөн санадық. Қарым-қатынас мәдениетін оқушылар бойында қалыптастыру деңгейін белгілейтін өлшемдер, жоғары сынып оқушыларында қарым-қатынас мәдениетін зерттеуге арналған әдіс-тәсілдердің басымдылығы, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру барысында түзету жұмыстарын жүргізудің маңыздылығы, оқушылардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың жолдары, сөз соңында қарым-қатынас мәдениетінің жоғары деңгейде болуы қатынасқа түсушілердің бірін-бірі тани алуы мен түсінуінің жоғары болуы керектігіне мән берілді.

Түйін сөздер: жоғары сынып оқушылары, қарым-қатынас мәдениеті, әлеуметтік педагог.

Kudaybergenova A.M.,
Batayev G.G.

**The work of a social educator
on shaping the communication
culture of high school children**

In this article the explanation of obshcheniye is told about relevancy of communication, the types of communication and also different. And also information on feature of communication of seniors, and their types of communication is given. The main goal of ours of article is to show feature formation of culture of communication between seniors. Also importance is given on that that criteria which show the level of formation of culture of communication at pupils, about importance of ways which allows to investigate cultures of communication at seniors, about relevancy of correctional work in the course of formation, ways of formation at pupils, in the conclusion we would like to tell that the high level of culture of communication consists in knowledge and in consciousness of partners.

Key words: communication culture; high school children; social educator.

Кудайбергенова А.М.,
Батаева Г.Г.

**Работа социального педагога
по формированию культуры
общения старшеклассников**

В данной статье говорится о значительности общения, виды общения, а также разные разъяснение общений. Также дается информация об особенностях общения старшеклассников, и их виды общения. Главная цель нашего статьи – это показать особенность формирования культуры общения между старшиклассниками. Также важность дается на то что критерии которые показывают уровень формирования культуры общения у учащихся, о важности способов которые дает исследовать культуры общения у старшиклассников, о значительности коррекционной работы в процессе формирования, пути формирования у учащихся, в заключении мы бы хотели сказать что высокий уровень культуры общения заключается в познание и в сознание партнеров.

Ключевые слова: старшеклассники; культуры общения; социальный педагог.

**ЖОҒАРЫ СЫНЫП
ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ
ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС
МӘДЕНИЕТІН
ҚАЛЫПТАСТЫРУ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

«Адам өміріндегі ең тамаша нәрсе – оның басқа адамдармен
қарым-қатынасы»
А. Линкольн

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практиканың жетістіктері негізінде қалыптасуы, дамуы және кәсіби жетілуі үшін жағдайлар жасау атап көрсетілген.

Білім беру мен тәрбие мақсатын көздеген осындай мемлекеттік құжаттар аясында мәденилік жаңғырып, ерекше маңызға ие бола бастады.

Қарым-қатынас мәдениеті проблемаларын зерттеу әлеуметтік-экономикалық және мәдени дағдарыспен бірегей көтеріліп отырған өзекті мәселелердің бірі.

Қарым-қатынас – білім мен мәдениеттің компоненті, оның бөлінбейтін бөлшегі іспетті адамзаттың дүниетанымы мен сана-сезімін жетілдірудің ерекше жолы.

Қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда нақты іс-әрекетті ұйымдастырушы мұғалім болғандықтан, оның кәсіби даярлығының ғылыми-педагогикалық негіздерін қарастыру қажеттілігі туындайды. Бүгінгі студент, ертеңгі мұғалімді даярлауда қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруды кәсіби даярлаудың ажырамас бөлігі ретінде қарастыру керек.

Қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру олардың саналы көзқарасын, ізгілікті қарым-қатынас орнатуына, жүйелі іс-әрекет жасауына мүмкіндік береді.

Қарым-қатынас мәдениеті теориясы аясында (Баллер Э.А. Давидович В.Е. Злобин И.С.), қарым-қатынастың этномәдени аспектілері (Ұзақбаева С.А.), оқушылардың қарым-қатынас мәдениеті проблемалары (Хмель Н.Д., Хан Н.Н., Балтабаев М.Х., Қалиева С.И., Баширова Ж.Р.) еңбектері негізінде қарастырылады.

Егеменді Қазақстанда өркениетті қоғам мен құқылы мемлекеттің қалыптасуы деңгейінде ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениеттілігін, **еркін ойлау қабілеті мен білімділігін арттыру** қажеттілігі туындап отыр.

Мемлекет тарапынан білім беру ісін жаңғырту мақсатында білім беру жүйелерінің мақсат, міндеттерін айқындайтын жаңа мазмұнды заңдар мен тұжырымдамалар қабылданып, халықтың

рухани дамуына, тілі мен тарихы, діні мен мәдениетінің өркендеуіне қолайлы жағдайлар туғызылуда.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «... жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практиканың жетістіктері негізінде қалыптасуы, дамуы және кәсіби тұрғыда жетілуі үшін жағдайлар жасау» қажеттілігі айтылса, ал қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлерінің негізінде, халықтық мәдениеттің маңызына ерекше көңіл заңның келесі бағытында беріледі [1].

Қазақстан Республикасының әлеуметтік мәдени дамуының тұжырымдамасында «Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік мәдени даму жолы дегеніміз – ең алдымен, адамзат қазыналарына баса аудару, гуманитарлық ғылымдарға, өнерге, халықтың моральдық байлықтарына ену, мәдениеттің барлық салаларында мәдени дербестікті мойындау», – деп атап көрсеткен [2].

Осы орайда қарым-қатынас мәдениеті-проблемаларын зерттеу әлеуметтік-экономикалық және мәдени ахуалдарға және қоғамның рухани, мәдени дағдарысымен бірегей көтеріліп отырған өзекті мәселелердің бірі.

Жоғары сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру ерекшеліктерін қарастырмас бұрын, «мәдениет», «қарым-қатынас», «қарым-қатынас мәдениеті» ұғымдарының бірлігі мен ерекшеліктерін қарастырып алған жөн болар.

Рухани байлықтың көзі – мәдениетте. Адам өзінің даму барысында қоғамдағы мүмкіншілігін, рухани дамуын мәдениеті арқылы көрсетеді. Ол қоғамның дамуының түрлі мазмұнына сәйкес. Олай болса, мәдениет өзгермейтін, өзгеріске ұшырамайтын нәрсе деп қарауға болмайды.

Сонымен, ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениет ұғымына біршама зерттеулерде оны «адамзат іс-әрекетінің әдісі» десе, келесілері – «адамзаттың өзіндік іс-әрекетінің көрінісі» деп, ал үшіншілері – «құндылықтар жүйесі және оны іске асыру процесі» деп қарастырады.

Біздің көзқарасымыз бойынша, бүгінгі заман дамуының түрлі мазмұнына сай келетін мәдениет ұғымына теориялық-әдіснамалық тұрғыда жан-жақты түсінік «Қазақ мәдениеті» энциклопедиялық анықтамалығында берілген [3].

Сондай-ақ, орысша-қазақша түсіндірме сөздікте мәдениетке былайша анықтама беріледі: мәдениет (лат.тіл. cultura – тәрбиелеу, жасау, дамыту, мойындау) – қоғамның, шығармашылық күштердің және адамның қабілеттерінің дамуын

анықтаудың тарихи қалыптасқан көрсеткіші. Ол адамның өмірі мен әрекетін ұйымдастыру типтері мен формаларынан, олардың өзара қарым-қатынасынан, олар жасаған материалдық және рухани құндылықтардан көрінеді. Мәдениет білім салаларының мазмұнды құрамды бөлігі болып табылады, табиғат туралы, қоғам туралы, әрекет тәсілдері, адамның өзін қоршаған ортадағы адамдарға, еңбекке, өзара байланысқа т.б. эмоционалдық-еріктік және құндылықтық қатынасының білім көзі.

Мәдениет ұғымы көп өлшемді және көп мәнді болып табылатыны белгілі. Белгілі Батыс мәдениет зерттеушілері, америка антропологтары Кребер және Клакхон мәдениет тарихына арналған еңбекте мәдениеттің негізін, оның қасиеттерін, психологиясын, қоғаммен қатынасын үш аспектіде, құндылықтармен, табиғатпен, адаммен қарым-қатынаста қарастырады.

Адам психологиясына мәдениеттің ықпалын зерттеуші маман, қазіргі ірі психологтардың бірі Д. Мацумотоның мәдениетке берген анықтамасын келтіреміз: «Мәдениет – бұл салттар, дәстүрлер, мұралар мен жүріс-тұрыс түрінде ұрпақтан-ұрпаққа берілетін біздің өмірді түсінуіміздің негізін бейнелейтін күрделі және абстрактілі ұғым. Мәдениет – бұл біз және бабаларымыздың өз ортасы мен қоршаған ортасын түсіну үшін меңгерген бағдарламаланған реакциялардың жиыны. Сонымен бірге, ол біздің санамызды бағдарламамен қамтамасыз етуімен сипатталады» [4].

Мәдениет негізінде адамзат өткен өмір тәжірибесімен танысып, оны басынан кешіруі, өмірлік тәжірибесін дамытуға мүмкіндік алады.

Осыдан мәдениеттің мәнін анықтай отырып, оның үш жағын бөліп көрсетуге болады.

Біріншіден, адамның материалдық және рухани әрекеттерінің материалданған бұйымдарының аяқталған түрі.

Екіншіден, мәдениеттік субъектісі, жасаушы және пайдаланушы түрі.

Үшіншіден, жеке адамдардың субъективтік әрекеттерін объективтік жобаға айналдырған байланыс түрі.

Қазіргі қоғам сұраныстары рухани және материалдық сфералар аясында қарым-қатынас проблемасын өте маңызды етіп көрсетеді, яғни қарым-қатынас адамның өмірлік іс-әрекетінің, әсіресе, білім, ғылым, спорт, өнер салаларында бөлінбейтін бөлшегі болып табылады. Оның дәлелі ретінде білім мен мәдениеттің терең интегративтік байланысын айтуға болады.

Қарым-қатынас барысында жеке адамның әлеуметтену процесі жүреді, соның нәтижесінде оның қоғамдық рухани және материалдық құндылықтарға жақындауы мен дәстүрлермен танысу жағдайы қалыптасады. Адам қарым-қатынас процесінде жеке тұлғалық ерекшелігін көрсетеді, өзі үздіксіз қарым-қатынаста болатын қоғамға енеді. Коммуникация әрбір адамның әрекет барысындағы субъектісіне айналып, табиғат пен дүниені таниды, олармен қарым-қатынасты дамытады. Сөйтіп іс-әрекет барысында тұлғаның ішкі мәдени дамуы бірте-бірте қалыптаса бастайды.

О.С. Газман пікірінше, тұлға қарым-қатынаста «адам-адам» бірлігінде, қоғам мен мәдени коммуникация процесінде анықталады.

Адам қоғамда өзін қоршаған адамдар тобында өмір сүреді және дамиды, оның талаптарына сәйкес өз ойлары мен мінез-құлқын өзгертеді, топтың басқа мүшелерімен өзара әрекеттесу арқылы әртүрлі байланысты сезінеді.

Қарым-қатынасыз адамның өзін-өзі танып білуі, әлеуметтенуі, яғни индивидтің жеке тұлға ретінде дамуы, әлеуметтік тәжірибені адамнан адамға ұрпақтан ұрпаққа таратуы, қауымдастықтар мен мемлекеттердің өмір сүруі де, сондай-ақ индивидтің (дара адамның) психикалық іс-әрекеті де мүмкін емес.

Олай болса, қарым-қатынас – адамдардың бір-бірімен байланыс жасайтын процесі. Қарым-қатынас барлық жоғары тірі ағзаларға тиесілі. Ол адамдар деңгейінде нағыз формасына ие болып, саналанған және сөйлеумен тығыз байланыста болады.

Қарым-қатынастың мазмұнына байланысты мынадай түрлері бар:

Материалдық қарым-қатынас – іс-әрекеттің пәні мен өнімділігін айырбастау, яғни адамдар индивидуалды іс-әрекет жасаудың арқасында оның өнімділігі, өз қажеттіліктерін өтейтін құралдар жайлы пікір алмасады.

Кондиционалдық қарым-қатынас – белгілі бір қарым-қатынас кезінде адамдар бір-біріне әсер етеді.

Танымдық қарым-қатынас – адамдар бір-бірімен білімдерімен алмасады.

Мотивациялық қарым-қатынас – адамдар мақсаттары, қызығушылықтары, түрткілері, қажеттіліктері жайлы пікір алмасады.

Қарым-қатынастың мақсаты дегеніміз – адамның бойында белгілі бір жағдайларға байланысты белсенділігінің пайда болуы. Мақсатына байланысты қарым-қатынастың келесі түрлері бар:

Биологиялық қарым-қатынас – ағзаны ұстап тұру, сақтау, дамыту үшін қажет. Ол ағзаның қажеттіліктерін қанағаттандырумен тығыз байланысты. Әлеуметтік қарым-қатынас – адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауы және дамуы [5].

Қарым-қатынаста адамдар өзін көрсетеді, өзі үшін көрсетеді, өзі үшін және басқалар үшін психологиялық қасиеттерін аша түседі. Сонымен бірге, ол қасиеттері қарым-қатынаста қалыптасады. Адамдармен қарым-қатынаста адамзаттық тәжірибені игеру, қалыптасқан мораль, құндылықтар білім мен іс-әрекет түрлерін игеруі, жеке және дара адам түрінде қалыптасуы іске асырылады. Яғни, қарым-қатынас адамның психологиялық дамуындағы маңызды факторы. Жалпы алғанда, қарым-қатынасты былай анықтауға болады: адамның бүкіл өмірі барысында психикалық процестері мен мінез-құлқы қалыптасқан жан-жақты шындық.

Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде қарым-қатынасқа мынадай анықтама беріледі: біріккен іс-әрекет қажеттілігін туғызатын, адамдар арасындағы байланыстың дамуын орнататын күрделі көп-жоспарлы процесс. Адамдардың танымдық хабарлар алмасуы, өзара түсінісуі, бір-бірін қабылдауы болып табылады.

Қарым-қатынас баланың рухани дамуындағы ең маңызды құралы ретінде қарастырылады. Қарым-қатынас қажетті хабар алмасуда, оны басқаруда көрініс беретін іс-әрекеттің тиімділігін қамтамасыз ететін мәдениеттілік белгісі және қарым-қатынас жасау үшін адамға тән әлеуметтік саланың пайда болуы адамның барынша мәдени ептілікке жету мүмкіндігін аша түседі. Егер адамдар өзара сөйлесіп, қарым-қатынасқа түспесе, онда оның өмір тіршілігінің мән-мазмұны да болмас еді. Осы орайда адамдардың күнделікті өмірдегі кәсіптік саладағы өзара тілдесіп, қарым-қатынас жасауының оның рухани өмірі мен тіршілік бейнесінің қалыпты дамуына қаншалықты әсер ететіндігін жете түсінуге болады.

Арнайы жүргізілген зерттеулер нәтижелеріне қарағанда адамдардың басым көпшілігі 70% уақытын өзара тілдесіп қарым-қатынас жасауға жұмсайды екен, ал жетекші қызмет пен басшылық ететін адамдар өздерінің жұмыс мерзімінің 80% уақытын осы қарым-қатынасқа арнайды екен.

Ғылымдағы кейбір позициялар қарым-қатынас, іс-әрекеттің түрі деп тұжырымдайды.

Олар қарым-қатынасты іс-әрекет түріне балайды. Қарым-қатынастың жалпы мәні адамның мақсатына байланысты, біріншіден, басқа адамдарды тану, сол адамдардың әсері арқылы өзін-өзі тану, бағалау болып табылады, екіншіден, басқамен өз әрекеттерін таңдауда мақсатты, саналы, белсенді жан иесі ретінде көрінеді.

Адамзат қарым-қатынастың шегін кеңейтіп, оның формаларын көбейту арқылы мәдениеттің де құрамдас бөлігі бола алады.

Қарым-қатынас мәдениетті сақтаушы, тасымалдаушы, мәдени шынайы құндылықты құрайды. Қарым-қатынас өзінің үздіксіздігімен, күту тұрақтылығымен, коммуникативтік дағдыларымен көзге түседі. Мұндай ортада коммуникацияның жойылуы кездеспейді, керісінше қарым-қатынас арнайы ынталылық пен білімді қажет етеді.

Жоғарыда көрсетілгендей қарым-қатынас проблемасын шешуде білім жеткіліксіз, сондықтан да жеке тұлғада адам мен адамның үйлесімді қарым-қатынасын қамтамасыз ететін қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру қажеттігі туындайды. Себебі, қарым-қатынас мәдениеті, білімді белсенділікке, нақты іс-әрекетке бағыттайтын құрал.

Адамзат қарым-қатынастың ауқымын кеңейтіп, оның формаларын көбейту арқылы мәдениеттің де құрамдас бөлігі бола алады. Қарым-қатынас мәдениетті сақтаушы, тасымалдаушы бола тұрып мәдени шынайы құндылықты құрайды. Яғни, қарым-қатынас тәрбиелеу мен өзін-өзі тәрбиелеу процесін болдырады. Қарым-қатынасқа үздіксіздік, тұрақтылық пен дағды тән. Қарым-қатынасқа арнайы ынталылық пен білім қажет етіледі.

Тәрбиелік кешеннің бір бағыты (жанұя, балабақша, мектеп) балаға әсер етеді де, практикалық, педагогикалық, тәрбиелік әрекетте қарым-қатынас мәдениетінің жалпы сұрақтарын қоюды және шешуді талап етеді.

Қарым-қатынаста адамдар өзін көрсетеді, өзі үшін көрсетеді, өзі үшін және басқалар үшін психологиялық қасиеттерін аша түседі. Сонымен бірге, ол қасиеттері қарым-қатынаста қалыптасады. Адамдармен қарым-қатынаста адамзаттық тәжірибені игеру, қалыптасқан мораль, құндылықтар білім мен іс-әрекет түрлерін игеруі, жеке және дара адам түрінде қалыптасуы іске асырылады. Яғни, қарым-қатынас адамның психологиялық дамуындағы маңызды факторы. Жалпы алғанда, қарым-қатынасты былай анықтауға болады: адамның бүкіл өмірі барысында психикалық процестері

мен мінез-құлқы қалыптасқан жан-жақты шындық [6].

Әдетте адам өзі туралы мәліметтерді іс-әрекеті барысында бақылай алады. Егерде қарым-қатынас өзінің тәжірибесімен, бейнесімен сәйкес қабылданбаса, онда жеке тұлға қарым-қатынаста теріс жағдайларды сезінеді. Осындай жағдайда қарым-қатынаста адам оқшаулану жағдайына енеді.

Жас ерекшелік деңгейінде қарым-қатынасты қалыптастыру жолдары мен әдістерін жүйелі үйлестірсе, жаңа тұрпатты мамандарды даярлауда, қарым-қатынас проблемасы өз деңгейінде дамиды.

Қоғамдық қарым-қатынасқа қарағанда жеке адамаралық қарым-қатынастың табиғаты бөлекше, оның негізгі ерекшелігі - эмоциялық негізінің болуы. Адамдар бір-бірімен қарым-қатынасқа түскенде, оның бір-біріне деген әртүрлі көзқарастары сезімдер негізінде қалыптасады. Психология ғылымы жеке тұлғаның эмоциялық көріністерінің үш түрін немесе үш деңгейін бөліп қарастырады: аффектілер, эмоциялар және сезімдер. Жеке адамаралық қарым-қатынаста осылардың бәр де көрініс бергенімен, көбінесе сезімдерге баса көңіл аударылады, олардың өзін екі топқа бөліп қарастыру қабылданған:

конъюнктивті – адамдарды жақындатып, біріктіретін, бірлескен іс-әрекетке итермелейтін сезімдер;

дизъюнктивті – адамдарды бір-бірінен алыстатып, бірлескен іс-әрекеттен қашқақтататын сезімдер.

Қарым-қатынас серіктестерінің жас ерекшеліктері де қиындықтар туғызуы мүмкін. Баланың мектепке дейін үлкендермен араласқанды қалайтыны белгілі; орта жеткіншек жасқа дейін балалардың жартысы құрбыларымен араласуға бейім болады. Мұндай басымдылық жоғары сынып оқушыларында мектеп бітіргенге дейін, бозбала мен бойжеткендердің үштен біріне жуығы қайтадан үлкендермен қарым-қатынасқа қызығушылық таныта бастаған кезге дейін үстем болады. Үлкендермен, педагогтармен қарым-қатынас жасаудағы қиындықтар көбінесе, шәкірттің, соның ішінде жеткіншектің өзінің ішкі дүниесі үлкендерге түсініксіз, олар әлі де бала деп есептейді деп ойлауымен байланысты пайда болуы мүмкін (педагогтің сыныпта «балалар мен қыздар» немесе жалпылай «балалар» деп сөйлеуі жеткіншек тарапынан жағымсыз немесе сын көзбен қарау реакциясын тудыруы мүмкін).

Жоғары сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетіне тоқталмас бұрын, жоғары

сынып оқушылары кімдер, олардың қарым-қатынасқа түсу ерекшеліктері қандай деген сұрақтарға жауап беруді жөн санадық. Жоғары сынып оқушылары қатарына 9-11 сыныптарда оқитын 16-18 жастағы оқушылар жатады. Жоғары сынып оқушылары дербестікті өзінің көзқарасы, ойы, баға бере алуынан көрінеді.

Гиппократтың **жас шақтарының классификациясы** (б.з.д. IV ғ.) 10 кезеңнен тұратын болса, соның үшінші кезең – 14-21 жас шамасын құрайды. Сондай-ақ жас кезеңдері Д.Б.Бромлей бойынша қарастыратын болсақ, онда 3-цикл – жасөспірімдік шақ – 11-13-21 жас, оның ішінде 1-саты – жыныстық пісіп-жетілуі – алғашқы жасөспірімдік шақ – 11-13-15 жас, 2-саты – жас өспірімдіктің соңы – 15-21 жасты құрайды.

Ресейлік ғалым Л.Д.Столяренко түрлі шетелдік және Ресейлік ғалымдар мен авторлардың еңбегін зерттей келе, жасөспірімдік шақты-11-14 жас, ерте бозбалалық шақты – 14-18 жас, кейінгі (кеш) бозбалалық шақты – 18-25 жас аралықтары деп алады [7].

Халықаралық бала құқығын қорғау Конвенциясында барлық 18 жасқа толмағандар «бала» деп саналады. Сондықтан, кез келген жасөспірімдік немесе бозбалалық шақтағы 18 жасқа дейінгі тұлғаларды «бала» деп атаймыз.

Демек, осы зерттеулерге сәйкес, жасөспірімдік шақ деп жобамен 11-14 (16) жасты, ал бозбалалық шақты 14 (16) – 18 (21) жас аралығын санауға болады.

Жасөспірімдік кезең – тұлғаның өмір жолына, өзінің қандай жағдайға жеткеніне, неге шамасы келетініне, дүниеде не үшін өмір сүріп, нені біліп, яғни өз болашағына айрықша үніліп қарайтын кезең деп түсіндіріледі.

Жасөспірімдік кезең туралы теориялар көптеп кездеседі, оның ішінде, биологиялық теория: жасөспірімдікті нақ өсудің биологиялық үрдістері басқалардың бәрінен басым, олар организм эволюциясының белгілі бір кезеңі деп қарайды. Психологиялық теория: психикалық эволюцияның заңдылықтарына, ішкі дүние мен өзін-өзі ұғынудың тән сипаттарына назар аударады; психоаналитикалық теория: жасөспірімдік кезеңді психосексуалдық дамудың белгілі бір кезеңі деп біледі; **элеуметтанушы теория: жасөспірімдік кезеңді элеуметтеудің белгілі бір кезеңі, тәуелді балалықтан ересектіктің дербес те жауапты іс-әрекетіне көшу деп қарайды.**

Жасөспірім өзінің өмірлік қуатының мәнін, мақсатын жүзеге асыратын тәндік, жандық, рухани күш қуатын сандық және сапалық

өзгеріске түсіретін ішкі объективті процесс ретінде өзін-өзі жетілдіре түседі.

Жасөспірім шақтың біраз бөлігі орта мектептің жоғары сыныбына сәйкес келеді және жеке тұлғаның қалыптасу процесінде айтарлықтай маңызды рөл атқарады. Жасөспірімдік шақ – **жас ерекшелігі психологиясында** жыныстық толысудан басталып, ересектіктің басталуымен **аяқталатын даму кезеңі деп аталады.** Жасөспірімдік шақта қарым-қатынас пен тұлғааралық қатынастар жастардың өмірінде ерекше үлкен орын алады және олар үшін дербес құндылық болып табылады.

Көптеген авторлардың пікірі бойынша, жасөспірімнің жетекші іс-әрекеті – қарым-қатынас немесе құрбы-құрдастарымен қарым-қатынас болып табылады. Жетекші іс-әрекет дегеніміз – дамудың әрбір кезеңінде сол адамның бойында психикалық жаңа құрылымдарды қалыптастыратын іс-әрекет түрі. Құрбы-құрдастарының арасында құрметке ие болу үшін оларды өзінің айналасына дұрыс реттеу үшін адамдармен қарым-қатынасқа түсу арқылы мінез-құлықтың жаңа нормалары мен қарым-қатынас үлгілерін игере бастайды.

Бозбала жасында өзін-өзі танып-білу мен «Мен» бейнесінің дамуы ерекше маңызды. Барлық жас өспірімдер ең басында диффузды «Мен»-нен бастайды. Содан соң адамда әр түрлі болатын «рөлдік мораторий» (тыйым салу) сатысына өтеді. Элеуметтік-психологиялық және тұлғалық өзін-өзі анықтау мектеп қабырғасынан кейін, орташа 18-21 жастарда аяқталады.

«Мен»-нің дамуы деңгейі басқа тұлғалық ерекшеліктердің дамуымен тығыз байланысты. Жоғары сынып оқушысы жасында оның өмірге деген көзқарасы қалыптасып, когнитивті эмоциональды-тұлғалық алғышарттар жетіледі. Осы кезеңде тек қана білім көлемі ғана өсіп қоймай, сонымен қатар жоғары сынып оқушысының ойлау дәрежесі де ұлғаяды.

Жоғары сынып оқушысы шақ – бұл өз қарым-қатынасы мен көзқарасының қалыптасу жолы. Бозбалалардың дербестігі дәл осыдан көрінеді. Егер жасөспірімдер дербестікті іс-әрекеттен көрсе, жоғары сынып оқушылары дербестікті өзінің көзқарасы, ойы, баға бере алуынан көреді.

Жоғары сынып оқушыларының өзара қарым-қатынасын зерттей отырып, ғалымдар оның әр түрлі функциясына ерекше назар аударады. Біріншіден, жоғары сынып оқушысының қарым-қатынасы өте маңызды «мағлұмат арнасы» болып табылады. Екіншіден, бұл әрекеттің

түрі тұлғаның дамуына әсер етеді. Үшіншіден, бұл эмоция аясы мен өз-өзін сыйлауды қалыптастыратын эмоциялық қарым-қатынас түрі [8, 45-48 беттер].

Жасөспірімдер қарым-қатынасын зерттеушілер (И.С. Кон, Э.Г. Эриксон, Т. Шибутани) құрдастар тобы мен оның қарым-қатынас процесіне ықпалын жеткіншек үшін әлеуметтену институты ретінде қарастырады.

Жасөспірімдер қарым-қатынасының достық пен махаббат сияқты түрлерін бөліп көрсетуге болады.

Жасөспірім шақтағы бірінші қажеттілік – мүдделері ортақ құрбыларымен достық қатынастар орнату. Анағұрлым тығыз және достық байланыстарға қажеттілік туындайды. Жеткіншектерге ішкі мәселелері мен тұлғашылық конфликтілерді шешуде бір-біріне көмек қолын созатын жақын достар қажет. Жасөспірімдердің достығы анағұрлым тұрақты және терең болып келеді. Кіші жеткіншекті бір-бірімен ортақ қызығушылықтар мен бірлескен іс-әрекет байланыстырады. Жасөспірімнің достығы алдыңғы орынға интимділікті, эмоциялық жылылықты, адалдықты қояды.

Жасөспірімдік шақта достықпен қатар көптеген жастарда одан да терең сезім – махаббат пайда болады. Достық мен махаббат та бұл жаста бір-бірінен ажырамайды және тұлғааралық қатынастарда кездеседі.

Жасөспірім қарым-қатынасы бастапқыда жағдайлардың жиі алмасуы мен қарым-қатынасқа түсушілер қатарының көп болуын талап етеді [9].

Ендігі кезекте, біз жоғары сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру ерекшеліктеріне тоқталатын боламыз.

Қарым-қатынас пен мәдениеттің ажырамас тұтастығын көрсететін негізгі жол – кемел тұлғаны дамыту, тәрбиелеу, қалыптастыруда оның қоршаған дүниені қабылдауы, меңгеруі және табиғи, әрекеттік, әлеуметтік қатынасы.

Қарым-қатынас мәдениеті ұғымының теориясы оны жан-жақты талдаудың қажеттілігін көрсетеді. Ғылыми әдебиеттерде ұғымының мағынасы, зерттеушілердің теориялық көзқарасына және ұғымның тереңдігіне тәуелді.

Жоғары саналылық, әділеттілік, ақылдылық, өнегелілік, қарым-қатынас мәдениетінің жоғары шегі.

Белсенділік адамның жеке ерекшелігі мен қарым-қатынас мәдениетінің жалпы деңгейінің көрсеткіші.

Қарым-қатынастағы моральдік қалып пен

жеке мораль байланысы қарым-қатынас мәдениетіне тәуелді.

Қарым-қатынас пен қоғамдық қатынастың бірлігі, ұлттық қарым-қатынастың тұлғааралық байланысына әкеледі.

Сонымен қатар, қарым-қатынас адамның тіршілік **әрекетінің мәдени феномені, яғни адамзат болмысының даму жолы**. Қазіргі ғылыми жетістіктер қарым-қатынасты әлеуметтік өмірдегі адам дамуының ішкі және сыртқы жағдайларын құрушы себеп-салдар ретінде де дәлелдейді.

Қазіргі ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде «қарым-қатынас мәдениеті» ұғымы бір жағынан дәлелдеуді қажет етпейтін қисынды ұғым болса, екіншіден көпмағыналы тіл мәдениеті, этикеті, мінез-құлқы, тұрмысы, салты т.б. болып жіктеледі.

Орысша-қазақша түсіндірме сөздігінде қарым-қатынас мәдениеті дегеніміз – қарым-қатынас жасаудың түрлі жағдайындағы өзін-өзі дұрыс ұстаудың дағдылары мен білім жүйесі.

Ғылыми теориялық бағытта, қарым-қатынас мәдениеті – рухани қатынастар мен материалдық байлықтың құндылықтарының адамзат санасындағы бейнесі, тұрмыс тарихындағы өткені мен бүгінгі күнінің іс-әрекеті, мінез-құлық, жүріс-тұрысындағы нормаларының сипаты.

Алайда қарым-қатынас мәдениеті, қарым-қатынас және мәдениет ұғымы синтезінде төмендегідей логикалық анықтамаға сүйенеді: «қарым-қатынас мәдениеті – адамзаттың мәндік сапаларын жақындастыруға бағытталған адамгершілік, саналылық әрекеттер».

Қарым-қатынас мәдениеті адамзат үшін әртүрлі деңгейде, әртүрлі кезеңде қалыптастыруды қажет ететін күрделі әлеуметтік құбылыс.

Қарым-қатынас мәдениеті белсенділікке, нақты іс-әрекетке бағыттайтын құрал болып саналады.

Қарым-қатынас мәдениеті іс-әрекетті талдауда жас кезеңдеріне сай оларды игеруге тәуелді келеді. Оның екі бағыты бар, біріншіден тәжірибені, заңдарды, құбылыстарды жас кезеңдеріне сай меңгерту болса, екіншіден тіршілік әрекетіне сай оның жаңалыққа ұмтылуы. Осы екі жолды меңгерудегі қарым-қатынас мәдениетілігінің мазмұны – адамның өзі жасаған іс-әрекеті, қол жеткізген табыстары, қиыншылықтары, өзіне қатынасы.

Осы негізде оқушылардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда төмендегідей педагогикалық қағидаларды негізге алдық:

Адам – қоғамның бөлінбейтін бөлігі, жер бетіндегі материалдық және рухани мәдениеттің, тарихтың, дамудың субъектісі қағидасы;

Оқу мазмұнын теориялық біліммен толықтыратын, материалдық дүние байланыстарын өз бетінше тануға үйрететін ғылымилық қағидасы;

Дүниенің тұтастығы мен бірлігін түсініп, қалыптастырып, дамытуға мүмкіндік беретін «субъект-субъект» жүйесіндегі өзара саналы әрекетті түсіну қағидасы;

Оқушыларды қоғамдық әралуан салаларға қатыстыруға, қарым-қатынас мәдениетіне, мінез-құлққа, өзара қарым-қатынасқа бейімдеуге мүмкіндік жасайтын мәдениеттілік қағидаларына сай.

Қарым-қатынас мәдениетін:

қарым-қатынас ретінде;

жүйе құраушы, кіріктіруші әлеуметтік фактор ретінде;

көркем, эстетикалық, ақпараттық және т.б. мәдениет түрлерімен бірге қарастыруға болады.

Қарым-қатынас мәдениеті – адамдардың өз мінез-құлқын басқару арқылы басқалармен тіл табысу және алдына қойған мақсатына жетудің тиімді жолын табу болып табылады.

Қарым-қатынас мәдениеті қалыптасу деңгейін, оның сапасын өлшеп көрсету өте қиын. Қарым-қатынас мәдениеті – жалпы мәдениеттің бір бөлігі болып табылады. Өйткені ол тұлғаның ортақ әлеуметтік қасиетін көрсетеді және педагогикалық қарым-қатынас әрекетінің нәтижесі мен процесін көрсетеді. Қарым-қатынас мәдениеті әр адамға әсер ете отырып, өзінің мамандығы бойынша қарым-қатынас жасайтын қазіргі заман мамандарының қажетті белгісі болып табылады. Қарым-қатынас мәдениеті қалыптасқан адам сыртқы орта жағдайына байланысты өз мінез-құлқының моделін жасап оны жүзеге асырады.

Жоғары сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін көтеру үшін, ерте жастан бастап баланың басқа адамға жанашырлық, тілектестік, ортақтастық, мейірімділік қасиеттерін қалыптастыра білу керек.

Қарым-қатынас мәдениетін оқушылар бойында қалыптастыру деңгейін төмендегідей өлшемдер белгілейді. Оның үш компонентін атап көрсетуге болады:

Мотивтік;

Білімділік;

Дағды, икемділік.

Мотивтік компоненттің өлшем көрсеткіштері – бұл қарым-қатынас барысындағы танымдық белсенділік, топта жағымды-психологиялық

климатты қалыптастыруға ұмтылу және оны реттеу, қарым-қатынасқа ұмтылу, қарым-қатынасқа қажеттілік, талап-тілектер, ішкі құндылықтар, топтағы эмоционалдық жай-күй және лидерлік қасиетінің қалыптасуы болып табылады.

Білімділік компонентінің өлшем көрсеткіштері – әңгіменің басты мақсатының барысын білу ақпараттың этикалық бағытын білу (қозғалыс, жүріс-тұрыс, іс-әрекет, т.б.). Сөз қорының мол болуы, адамдармен ара қатынасты ұстана білу, қарым-қатынас барысында дистанция сақтай алу, өзін-өзі және өзара бағалау туралы білімнің болуы.

Дағды, икемділік компонентінің өлшем көрсеткіштері – бұл қарым-қатынаста сөйлеу дағдысын қалыптастыру – әңгімені жүргізу икемділігі, ұйымдастыру икемділігі, анализ және өзіндік тұрғыдан өзін-өзі реттей алу икемділігі, мақсат қоя білу икемділігі және оған жетуге дағдылану [10].

Жоғары сынып оқушыларында қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасқандығы төмендегі критерийлер тобымен айқындалады:

– сөйлеу мәдениеті;

– қарым-қатынас іскерліктері;

– қарым-қатынастық ойлау;

– құндылық бағдарлар;

– бос уақыттағы қызығушылықтар.

Әр адамның қарым-қатынас мәдениеті оның жекелік қасиеттерімен тікелей байланысты. Сондықтан оқушылардың қарым-қатынас мәдениетін зерттеуге әлеуметтік психологияда қалыптасқан әдіс-тәсілдердің басым көпшілігін қолданумен қатар әр баланың жекелік ерекшеліктерін анықтау керек. Ол әдістемелерді мектеп жасындағы балаларды зерттеуге қолданғанда зерттеуді сынып ұжымымен жүргізудің көптеген ұтымды жерлері бар. Балалар оқу барысында, сыныптан тыс іс-шаралар жүргізгенде, көптеген оқу-тәрбие мәселелерін шешу барысында бір-бірімен себептес байланыста болып, қарым-қатынас жасайды. Қарым-қатынас ерекшеліктерін зерттеу әдістерінің көптеген түрлері жас жеткіншектерді зерттеуге ыңғайлы етіп жасалған. Бұл жас кезеңі адам өмірінде ерекше орын алады.

Жоғары сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру барысында түзету жұмыстарын жүргізудің маңызы зор. Топта әр адамның өзін еркін сезінуіне қолайлы жағдайларды қалыптастырудың ең тиімді жолы – ойын тренингін жүргізу. Сондықтан түзету жұмыстарының басым көпшілігі ойын арқылы

жүргізіледі. Ойын барысында қатынасушылар талап ететін тұлғаарлық қатынасты құру арқылы жасөспірімдердің жалпы қарым-қатынас мәдениетін көтеруге мүмкіндік туады. Топтағы қатынасушылардың бір-біріне сенім артып, қарым-қатынастағы кеңістіктің маңыздылығын жете түсінуге көмек көрсетіледі және серіктестік қатынас барысында кеңістікте орналасудың өзінің өте маңызды екенін, оның әсерін түсінеді. Мәселен: «Мәдениаралық өзара әрекет» тренингі, Ситуативті-коммуникативті ойындар т.б осыған байланысты тренингтерді жүйелеп, қолдану тиімді болып табылады.

Оқушылардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың жолдары мыналардан тұрады:

1. Оқушылардың қоғамдық орындарда (қонақта, концерттерде, театрда, көлік ішінде, көшеде, отбасында, мектепте) өзін-өзі ұстауға үйрету.

2. Оқушылардың өздерін қарт адамдармен, достарымен, ата-анасымен, оқытушылармен, өздерінен үлкен және кіші адамдармен, жан-жануарлармен, мәдени мұралармен, табиғатпен болу кезіндегі сыпайы мінез әдеттерін дамыту.

3. Оқушылардың қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу дегеніміз – сөйлеу мәдениетін, киім кию мәдениетін, пікір алмасу мәдениетін, қоғамдық ортада өзін ұстау мәдениетін, өмірге қайшы әрекеттерге деген көзқарас мәдениетін дамыту.

Қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру үшін рухани адамгершілік құндылықтарды оқушының бойына дарытуда ұстаз олардың жас ерекшеліктерін, ұлтын ескере отырып қызығушылығын арттыруы тиіс. Тәрбиелеу үрдісінде әртүрлі әдіс-тәсілдерді пайдалануға болады. Жоғары сынып оқушылары үшін түрлі интеллектуалдық ойындар, пікірталастар, ғылыми конференциялар, бринфингілер, кездесулер, өз бетінше орындалатын шығармашылық жұмыстар: өлең жазу, реферат, мұрағаттық зерттеулер сияқты іздену технологиясына сәйкес жұмыстар жүргізген тиімді болып табылады [11].

Жоғары сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру ерекшеліктері олармен әртүрлі әдістер мен жұмыс формаларын қолдану арқылы қол жеткізуге болатындығын көрсетеді. Негізінде мамандар арасында қолданылып жүрген белсенді топтық оқыту әдістері бағдарламасының негізгі құрамдас бөлігі ретінде белгілі. Мұндай әдістер: имитациялық жаттығулар, нақты жағдайларды талдау, топтық дискуссия, ситуативті-рөлдік ойындар,

әлеуметтік-психологиялық тренингтер, іскерлік ойындар. Осы белсенді әдістерді қолдану тиімділігі тәжірибе жүзінде нәтиже беріп келеді. Себебі имитациялық жаттығулар арқылы қатысушылар өзінің эмоциялық күйін басқару арқасында ырықсыз қабылдау, зейін, ес, ойлау іс-әрекеттерінің белсендірілуіне ықпал етеді. Ал нақты жағдайларды талдау қатысушылардан өз ойларын сөзбен толық жеткізуге, жағдайдан шығудың шығармашылық жолдарын ойлануға мүмкіндік жасайды.

Кинофильмдер мен бейне таспалар, мінез-құлықтың әр түрлі үлгілерін демонстрациялауға мүмкіндік береді. Кез келген эпизодтардың бірін бірнеше рет қайта көру арқылы, өмірде байқала бермейтін адамдар арасындағы қарым-қатынастың бір сәтіне назар аударуға, техника толық мүмкіндік қалай алады.

Пікір талас әдісі - бұл қатысушылардың бірлесіп мәселені шешу, ортақ шешім шығару, өз пікірін ортаға салу болып табылады. Танымдық іс-әрекетіндегі «бірлесу» түрлі формада қатысуы мүмкін. Олардың санына тапсырманың қорытынды шешіміне келетін және сол шешімді өңдеуге жетелейтін топтық дискуссия жатады. Дискуссия мәжіліс сипатына ие болуы мүмкін. Бірлескен ойлау іс-әрекеті **топпен жүзеге асырылып қана қоймайды**, сонымен қатар топтың өзгеруіне ықпал етеді. Сонымен қатар бұл әдіс өзіңді-өзің тереңірек түсінуге, өзге адамдардың қамтуға көңіліне сезіну қабілетін дамытуға игі әсер жасайды.

Оқушылардың қарым-қатынас мәдениетін бағалау үшін «Қарым – қатынасқа даярлық деңгейін анықтау», «Досыңа жол бересің бе?», «Досыңа көмектесе аласың ба?», «Коммуникативтік және ұйымдастырушылық қабілетті зерттеу» әдістемелерін қолдануға болады. Себебі бұл әдістемелер оқушылардың қарым – қатынас жасау қабілетін анықтауда, қарым-қатынас барысында өзгелерге сыйластықпен қарап, оның пікірімен, жағдайымен санаса алатындықты бағалауда, қарым-қатынасқа түсудегі ерекшеліктері қандай екендігін анықтауда тиімді болып табылады.

Мектеп тәжірибесінде ең қажетті және кеңінен пайдаланылатын тренингтер - өз-өзін реттеу тренингтері болғандықтан оларды оқушыларға психологиялық қызмет көрсету барысында кеңінен пайдалану қажет екендігін анықтадық. Өйткені әлеуметтік педагогтар барлық уақытта балалармен белсенді қарым-қатынас үстінде болып, осы қатынас барысында олардың іс-әрекеттерін бағалау және өзінің сезімі

арқылы олардың жетістігін бағалау қатынасында болу олардан өз-өзін барлық уақытта өте жоғары қадағалауды талап етеді. Бұл шаралар педагогтардың психологиялық сауаттылығын жоғарылатуымен қатар педагогтардың кәсіби қызметінде өте қажетті эмоционалдық жағынан жағымды болу қасиеттерін қалыптастырады.

Ұжымдағы балалардың жас және жеке даралық ерекшеліктерін ескере отырып ойын тренингтерін жүргізу тиімді болатыны анықталды.

Психокоррекциялық ойындар жеке тұлғалық, интеллектуалдық даму проблемаларымен байланысты жүргізілетін коррекцияның негізгі әдісі болып табылады. Жеке тұлғалық қасиеттерді өңдеу және жетілдіру мақсатында ұйымдастырылған психокоррекциялық ойындар барысында әр адамның өз тәжірибесінде қалыптасқан, дағды болып қалған әлеуметтік ролдерін орындау стереотиптері қайта құрылады.

Қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда коррекциялық топтың жұмысын ұйымдастыру өзіне тән ерекшеліктермен сипатталады. Коррекциялық топты ұйымдастыру мақсаты балаларға қай ортада болсын өзін емін-еркін ұстауға, басқаларға жылы шырайлы болуға үйретеді. Мысалы, мынадай «Бұзылған телефон», «Жолдастық сұрақтар конверті», «Автопортрет», «Сикырлы қобдиша», «Өрмекші торы»,

т.с.с. жаттығуларды тренингтік-сабақ барысында қолдану қарым-қатынасқа түсу кезінде түсінбеушіліктер орын алғанда оларды жою немесе алдын алу жұмыстарында тиімділігін көрсетті.

Сөз соңында қарым-қатынастар мен іс-әрекеттерді рухани байыту оқушылардың басқаларға қуаныш сыйлауға ұмтылыстарын, басқаларға жағымды талпыныстарын анықтайды. Осындай әрекет нәтижесінде әрбір бала өз іс-әрекетіне өзінің жеке «менінің» бір бөлігін қосып, сүйіспеншілік білдіріп, еңбекті бағалауға үйренеді. Ең бастысы, балалар бойында кіші жастарынан бастап өз қарым-қатынастарын басқалармен ұйымдастыруда ар-ұят, намыс, адалдық, басқалардың тұлғалық қасиеттерін құрметтеу сияқты негізгі адамгершілік қасиеттерін негіздерін қалыптастыру болып табылады. Қарым-қатынас мәдениетіне үйрету жоғары сынып оқушыларының жас және дара ерекшеліктерін, олардың қарым-қатынас ерекшеліктерін ескеру негізінде жүзеге асырылатындықтан, мектеп пен отбасы өзара ынтымақтастықта болу арқылы қол жеткізе алады, «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деп дана халқымыз бекер айтпаған, сол себепті қарым-қатынас кезіндегі баланың өзін-өзі ұстау дағдыларын үйретуге барлық әлеуметтік институттар бірлесе жұмыс жүргізу арқылы нәтижеге жете алатындығымызды атап өткен жөн.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Қазақстан мұғалімі. – 2007. – 27 шілде.
- 2 Қазақстан Республикасы әлеуметтік-мәдени дамуының тұжырымдамасы. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 32 б.
- 3 Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. «Аруна» баспасы. Алматы, 2005.
- 4 Мацумото Д. Психология и культура. СПб., 2002.
- 5 Калымбетова Э.К. Әлеуметтік психология: Оқу құралы. – Алматы: «Қазақ университеті», 2012 ж.
- 6 Сейталиев Б. Жалпы психология. Алматы.: «Білім» – 2012
- 7 Столяренко Л.Д. Психология: учебник для вузов. – СПб.: Питер, 2010. – 592 с.
- 8 Түрікпен-Ұлы Ж., Мұздыбаева Б. Тәрбие психологиясы: оқу құралы. – Алматы: Зият-Пресс, 2008. – 144 б.
- 9 Шеръзданова Х.Т., Ермекбаева Л.К., Абеуова И.Ә., Алибаева Р.Н., Әмірбекова М.Ә. Қарым-қатынас психологиясы: оқулық. – Алматы, 2012.
- 10 Қазақстан мектебі. №4/2009 ж. 75, 76 б.
- 11 Қазақстан мектебі. №6/2014 ж 29 б.

References

- 1 The law of RK «On education», 2007 //http: wwwedu.gov.kz
- 2 Conception socio-cultural development of Republic of Kazakhstan. Almaty, 1993. -32 p.
- 3 Kazakh culture. Encyclopaedic reference book. Almaty, 2005.
- 4 Matsumoto D. Psychology and culture
- 5 Kalymbetova E. Social psychology. Almaty, 2012.
- 6 Seytaliev B. General psychology. Almaty, 2012.
- 7 Stolyarenko L.D. Psychology: textbook for institutions of higher learning. -SPb.: 2010. -592 p.
- 8 Turkpenuly Gh. Muzdybaeva B. Psychology upbringing work. Almaty, 2008.
- 9 Sheryzdanova H.T., Ermekbaeva L.K., Abeuova I.A., Alibaeva R.N., Amirbekova M.A. Psychology is a communication: textbook. –Almaty, 2012.
- 10 School of Kazakhstan. №4/2009. 75, 76 p.
- 11 School of Kazakhstan. №6/2014. 29p.